

Әдістемелік семинар: ҚМЖ-да сабақ мақсаты мен оқу мақсатын құрастыру жолдары



26.03.26ж мектебімізде педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, білім беру сапасын жетілдіру мақсатында, Галымжанов Б.Г. жетекшілігімен «ҚМЖ-да сабақ мақсаты мен оқу мақсатын құрастыру жолдары» тақырыбында әдістемелік семинар өткізілді.

Семинарға пән мұғалімдері қатысып, оқу үдерісіндегі маңызды мәселелердің бірі – нақты оқу мақсаттарын дұрыс құрастыру жолдарын талқылады.

Семинар барысында оқу мақсаттарының сабақ мақсатымен байланысы, олардың білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы рөлі кеңінен қарастырылды. Қатысушыларға оқу мақсаттарын құрастыруда SMART қағидатын қолданудың тиімділігі түсіндіріліп, нақты мысалдар арқылы көрсетілді.

Семинар соңында қатысушылар кері байланыс беріп, оқу мақсаттарын дұрыс құрастырудың маңыздылығын аталды.